

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының  
4 курс студенті

**Ержанова Нұржамал Аминовнаның**

## ***БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ***

**Тақырып: Абай Құнанбаевтың поэмаларын оқыту**

Ғылыми жетекші:

доц. С. Қазақбаев

Ғ. Мамбеткаримов

Нөкіс-2015 ж.

Қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті

деканы: \_\_\_\_\_ ф.ғ.к. доц. Д. Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_ доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ доц. С. Қазақбаев

Ғ. Мамбеткаримов

Ержанова Нұржамалдың «Абай Құнанбаевтың поэмаларын оқыту» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «\_\_\_\_\_» (\_\_\_\_\_%) қойылсын.

МАК бастығы: \_\_\_\_\_

МАК бастығы орынбасары: \_\_\_\_\_

МАК мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Комиссия хаткері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 2015 ж

## МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....4-5

Кіріспе.....6-7

### I ТАРАУ

Абай поэмаларының тақырыбы мен идеясы .....8-32

### II ТАРАУ

Абайдың «Ескендір» поэмасының өзіндік ерекшеліктері .....33-51

### III ТАРАУ

«Ескендір» поэмасын орта мектепте оқыту әдістемесі туралы .....52-56

Қорытынды.....57-60

Пайдаланғын әдебиеттер.....61

## АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

**Тақырыптың актуальдығы:** Қазақ жазба әдебиетінің іргетасын қалаған ұлы ақын, көрнекті жазушы – Абай Құнанбаевтың қазақ әдебиетінің поэзиясына сіңірген еңбегі сүбелі. Осы саладағы ақынның поэмалары жайлы зерттеуді белгіленген жоспар негізінде мамандық жұмысының тақырыбы етіп алған болатынбыз. Абай Құнанбаевтың өлеңдері, қарасөздері және поэмалары мектеп бағдарламасынан орын алғанын есепке алып оны методикалық жақтан да қарастырғанымызды есепке алсақ, біздің зерттеуіміз болашақ ұстаздарға септігін тигізетін пайдалы жұмыс екенін түсінуге болады.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттер:** Бітіру мамандық жұмысымыздың басты мақсаты - Абай Құнанбаевтың поэмаларын мектепте оқытудың әдістемелік жақтан бағалау, мектеп бағдарламасына енген «Ескендір» поэмасына методикалық жақтан баға беру жұмысымыздың негізгі нысаны болмақ. Әсіресе ақын туралы тәуелсіздік жылдарында ерекше қолға алынып зерттелген ой-пікірлерді негізге алып, Абай лирикасын қатыстыра зерттеу басты міндетіміз.

**Зерттеу методикасы, әдістері:** Мамандық жұмысын жазу барысында біз тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, Абай Құнанбаев поэмаларының көркемдігін зерттеуде негізінен ғылыми зерттеу методикасын пайдаландық. Абайдың көптеген шығармасы тәлім - тәрбиелік, педагогикалық, психологиялық маңызға ие туындыларның бірі оның үш поэмасы екенін сөз жүзінде дәлелдеп, жазушының оқушы психологиясын, тыңдаушы санасына сай келетін поэмаларының мазмұнын анализдеу әдісін қолданып, көркемдігін ашу зерттеуіміздің негізгі әдісі болып табылады.

***Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары:*** Тәуелсіздік жылдарында зерттеліп, өзінің ғылыми бағасын алуға қол жеткізіп келе жатқан Абай Құнанбаев лирикасының бастау бұлақтары туралы зерделі пікір айту әлі күнге дейін толастай қоймаған тың тақырып. Сондықтан, Абайтану ілімінің соңғы жаңалықтарына сүйене отырып ой қорыту жұмыстың жаңалығы болмақ. Абайдың ғылым-білім жайындағы өлеңдері туралы ғылыми тұжырымды ой көп айтылғаны белгілі жайт, дегенмен оның поэмаларын методикалық жақтан жаңаша тұжырымдар айту біз үшін үлкен жаңалық.

***Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:*** Абай Құнанбаевтың мектеп бағдарламасынан орын алған «Ескендір» поэмасы туралы айтылған пікірлер мен методикалық ұсыныс-тілектерді ертеңгі болашақ ұстаздар өз практикасында пайдалана алса зор маңызға ие болар еді.

***Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі:*** Жұмыс кіріспе бөлім, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен өзге негізгі бөлімнің үлкен үш тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердің библиографиясы жасалып, зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

***Ғылыми басшы: \_\_\_\_\_ ҚАЗАҚБАЕВ С.***

***МАМБЕТКАРИМОВ Г.***

***Студент: \_\_\_\_\_ ЕРЖАНОВА Н.***

## КІРІСПЕ

Президентіміз И.А.Каримовтың: «Перзенттеріміздің сан-түйсігін қорғау ісінде ғылым мен білім, мәдениет салалары, шығармашылық қауымның иелейтін орны мен атқаратын қызметі барған сайын артып келеді [1-37], - деп атап өткеніндей қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Күллі адамзат қауымында өткен ақыл-парасат алыптарының ішінде ой кермегін татып, тіршілік тұңғыықтарын терең толғап ұғынған сайын кемеңгерліктерін ұрпақ тәрбиесіне арнамағандары да аз. Сонау, көне дүние данышпандары Сократ та, Платон да, Аристотель де, төрткүл тіршіліктің тылсым сырларын шешкен ата-бабаларымыз - Әбунәсір әл-Фараби, Әбу-Абдолла ибн Мұса әл-Хорезми, Әбу-Райхан әл-Беруни, Ғаббас ибн Сейд әл-Жауһари, Әбу Әли ибн Сина, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Тарағай, Ұлуғбек, Ғұламаһи Дауани да мектеп ашып, шымырлай аққан ой құдіретін ұрпақ тәрбиесіне бұрған. Олай болса, ұлы ойшылдардың қол созған мұраттары тікелей адам тәрбиесімен астасып жатыр. Тіпті, кешегі өткен Декарт, Локк, Ян Коменский, Ж. Ж. Руссо, Л.Н.Толстой да тәрбие саласына ерекше көңіл бөлген ғой. Түптеп келгенде телегей теңіз философиялық ой толғаныстары, тікелей тіршілікке жанасу үшін, ұлан-ғайыр екі түрлі арнаға- психология мен педагогика саласына жіктеледі екен. Сөйтіп, кемеңгерлікке жеткен жанның қос қанаты – ойшылдық пен ұстаздық бірін – бірі толықтырып, ғажайып үлкен үндестіктерге жететінін аңғарамыз. Міне, осы тектес ойшылдың бірі – қазақ халқының ұлы данышпаны Абай Құнанбайұлы.

Біз бітіру мамандық жұмысымызда Абай лирикасының нәр алып, сусындаған салалары туралы тәуелсіздік жылдарында ерекше қолға

алынып зерттелген ой-пікірлерді негізге ала отырып, Абай лирикасының ерекше бір бөлегі болып табылатын көлемді поэмаларын зерттеуді жоспарладық.

Жұмыстың негізгі бөлімінде Абай поэзиясының көркемдігін оның шығыс әдебиетіне еліктеп жазған алғашқы жырларынан бастап поэма жазуға дейінгі творчестволық өсу жолын жеке-жеке бөлімдерге бөліп қарастыруды мақсат еттік.

Сонымен қатар, жұмыстың кіріспесіндегі айтылған мақсат пен міндеттер, тақырып бойынша зерттеулерге шолу, мамандық ісіміздің қорытындысында жалпы мамандық жұмысында анықталған мәселелер, келген тұжырымдарымыз сөз етіледі. Абайдың ақындығын арнайы әңгіме етіп, лирикасының сыры мен сымбатын пайымдағанда оның поэмаларын орағытып өтуге болмайды.

Абайтану тарихының жүз жылдан астам даму жолына назар салсақ, әр кезеңнің тарих сахнасына келген жаңа ұрпақтары Абайды танып білуге, бағалауға өз үлесін қосып келе жатқан рухани көш тізбегін көреміз. Абайтанудың М.Әуезов дәуірінен кейінгі ұрпақ өкілдері де Абай мұрасын өзінше танып бағалаған еңбектері молынан жариялады. Ал, ендігі кезек яғни Абайды тереңнен танып бағалау, өзінше пікір толғау кезегі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған заманда дүниеге келген жаңа буын жас толқын ұрпақтың иығына түсері анық.

## I ТАРАУ

### Абай поэмаларының тақырыбы мен идеясы

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үнілдім» деген Абайдың Шығыстың рухани әлеміне бойлай енуінің сырын танып, мәнін білу жолындағы іс-қимылы жайында сөз еткенде, Абайдың ақындық кітапханасының жайы мен көлемі туралы аса күрделі мәселе біздің негізгі тірек етіп сүйенер бағыт-бағдарымызға айналмақ. Бұл мәселені шешу жолында, алдымен Абайдың өзі шығармаларында қадау-қадау сілтеме беріп отыратын дерек мағұлматтары көмек берері сөзсіз. Екіншіден, ақын шығармаларының идеялық мазмұны мен дүниетанымының танымдық көзқарасындағы ой-пікір сабақтастығын танып білуге болжам беретін жанама деректер көзі де тани білсек көп нәрсенің сырын білуге бастап отырады.

Абай өзіне дейінгі Әл-Фарби, Жүсіп Баласағұни, Яссауилердің және Румидің кемел адам жайлы ой танымдары мен кісілік идеясымен тек таныс болып, осы ілім саласында толассыз ізденіске түсіп, өзі негізін қалаған толық адам ілімін қалыптастырудағы басты мақсаты – М. Әуезовтың сөзімен айтқанда: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамды жамандықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және халқын түзетіп өзгертпек болады». Абай бір кездері әлеуметтік, қоғамдық күрес жолына белсене араласқанда:

*Өзімді өзім зор тұтып,*

*Өзгертпек едім заманды, –*

дейтін өршілдік әрекетінен де көруге болады.

Абай өзі негізін салып қалыптастырған толық адам ілімін осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күрес құралына айналдырғаны оның шығармалар желісінде осы гуманистік идеяны молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сырлары жатыр. Өйткені Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сүю, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, кәмалат ғазамат» деп аталатын терминдік мағынасы терең ұғымдардың бәрі де тікелей кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып ұштасып жатуы жәй нәрсе емес. Өйткені бұларды жете танып, зерттей отырып танып білмесең, толық адам ұғымының табиғатын жете меңгеруге мүмкіндік бола бермейді.

Абай мұрасын - жалпы ат үсті шолу арқылы емес, керісінше, азабы ауыр, зор көлемдегі картотекалық жұмыстар жүргізу арқылы Абайдың ақындық тіл қорындағы қолданысқа түскен көркем сөз элементтерін, ғылыми тұрғыдан белгілі бір жүйеге түсіріп, талдау арқылы шешеді. Не себепті Абайды қазақ әдебиетінің классигі, әдеби тілдің негізін салып, жаңа реалистік бағытта дамытушы ақын деген сұраққа осы еңбекте талданып жүйеленген ақындық тілдің табиғатын тыңғылықты түрде танып білу арқылы жауап берілген.

Абай дүниетанымының қалыптасуында ақын лирикасының нәр алған рухани көздерін танып, білу терең мәнге ие. Бұл аса күрделі мәселені абайтану тарихында өткен ғасырдың отызыншы жылдары М. Әуезов көтеріп алғаш рет пікір білдірген-ді. Бұл айрықша мәні бар күрделі де аса жауапты тақырыпқа М. Әуезов алдын ала ғылыми даярлықтан өтіп барып

келді. Орта Азия мемлекеттік университетінің түркология кафедрасында аспирантураны бітіріп, 1930 жылы шығыс классиктерін түпнұсқадан оқып, шағатай әдебиетін де терең меңгеріп, Европа әдебиетін орыс тілі арқылы еркін танып мол даярлықпен келген кезең болатын. 1924-1927 жылдың өзінде-ақ Абайдың тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасының толық үлгісін даярлап та қойған еді. Міне, осындай алдын ала зор даярлықтың негізінде 1933 жылы Абайдың толық шығармалар жинағы мен Абайдың ғылыми өмірбаяны Қызыл Орда қаласында жарияланды. 1934 жылы Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толу мерейтойына орай М. Әуезовтың «Абай ақындығының айнасы» деп аталатын мақаласы абайтанудың ең өзекті мәселелерін көтерумен, қысқаша нобай бағыт-бағдар берумен ерекшеленеді.

Осы мақаласында автордың Абай поэзиясының нәр алған үш рухани қайнар көздеріне арнайы тоқталып, ойын өрбіткенде Абайдың Батыс мәдениеті мен Шығыс мәдениетіне қатысын айрықша екшеп талдауында: «...Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ. Батысқа келгенде ол арқасын шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді». [4-10-12] дейтін терең ғылыми ой байламын береді. М. Әуезовтың танымында Абай дүниетанымын қалыптастыруда оның нәр алған рухани қазына көздері ретінде қарауы себепті «... ақынның өз халқынан және адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласы, түп төркіні барын байқаймыз», - деп көрсеткен болатын. Олар:

а) Қазақ елінің рухани ой-қазынасы

ә) Мұсылмандық шығыстың рухани ой әлемі

## б) Батыстық классикалық әдеби мәдени әлемі

Осылайша ғылыми тұрғыдан сарапталған ой байламдары 1938 жыл мен 1961 жылдар аралығында табиғи бастапқы қалпы бұзылып өзгеріске түсті. Оның себебі 1938 жылы Орталық комитеттің барлық жерде орыс тілін міндетті түрде оқыту қаулысы мен 1945 жылы соғыс аяқталуына байланысты И. Сталиннің орыс халқының рөлі туралы сөз сөйлеуі және Орталық комитеттің 1949 жылы космополитизм туралы саяси-идеологиялық мақсат көздеген қаулысына байланысты болатын. Кеңестік тоталитарлық идеологияның саяси-идеологиялық талабы қоғамдық ғылымдар мен әдебиет, өнер саласында батыс пен шығысқа бас июшілерді яғни космополиттерді талқандау науқаны қатты қарқынмен жүргізілді. Барлық Одақтас республикаларда мыңдаған көрнекті әдебиет пен өнер қайраткерлері жазаланып, қуғындалып жатты. Мәскеуде самал соқса, Қазақстанда дауыл боп соғатын әдет бойынша мұсылмандық шығысқа, оның әдебиеті мен тарихына байланысты жазылған мақала, зерттеу жұмыстары мен, тіпті, солар жайында жанама пікір айтушылар да аяусыз жазаланып қуғындауға ұшырады. Мысалы Қазақстанда Абай мұрасының шығысқа қатысы жайында пікір айтқан әдебиет қайраткерлерінің басына әңгіртаяқ ойнай бастады. Әдебиеттегі қатаң сынның қаспағына алдымен М. Әуезовтың Абай мұрасының нәр алған рухани қазынасы жайында айтылған ғылыми-теориялық ой-байламдарының тірегіне айналған «...Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі шығыс белгісі басымырақ, нығырақ. Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді», - деген ғылыми теориялық ой-пікіріне қатты шабуыл жасалынды. Осы кезден бастап абайтану саласында жазылған еңбектерде, ғылыми зерттеулік мақалаларда Абай мұрасының

рухани нәр алған бір саласы яғни Абай мұрасының Шығысқа қатысы түгелдей терістеліп жатты. Мұны профессор Қ. Бейсембиевтің «Мировозрение Абая Кунанбаева» (1956 ж.) деп аталатын монографиясында ашық көрініс берді. Профессор Қ. Бейсембиев т. б. Абай мұрасының рухани нәр алған көздеріне Ресей мәдениетіне шешуші мән берілуі де Абайдың шығыс пен туған елі ой-қазыналары мүлде атаусыз, дүниеде ондай құбылыс болмағандай қалып танытты. Міне, осы жағдайдан кейін абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қорғалған диссертациялар Абай және орыс әдебиеті деген тақырыптың аумағынан шыға алмай тұйықталып қалды.

Сайып келгенде жоғарыда айтылған пікірлер мен ой толғаныстары Абайдың поэмаларына да қатысты. Себебі Абай өзінен бұрынғы дәстүрлі әдебиет үлгісімен шығыстық тақырыпқа бірнеше поэма жазған ақын.

Жұртқа мәлім, Абай лирикалы өлеңдермен қатар бірнеше дастан жазды. Бұл ретте ол қазақтың жазба әдебиеті тарихында тұңғыш рет сюжетті поэма жасаудың үлгісін көрсетіп, осы жанрдың ірге тасын қалады десе болғандай.

Абайдан қалған үш поэма бар. Олар: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі». Соңғысы аяқталмаған.

Бұлардың бәрі де ақынның бұрынғы шығармаларындай қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған, Шығыс халықтарының аңыз, ертегілері сюжетіне дастан үлгісінде жазылған. Уақиғалары шағын, көлемдері аз келеді. Аңыздарды ақын, көбінесе, өзіне қажет ұстаздық тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі етуді ойлаған.

«Масғұт» поэмасын Абай, негізінен, осы аттас кейіпкердің іс-

әрекетіне құрады. Ақылы мен парасаты мол адамның мінез- құлқын, адамгершілігін көпке үлгі етеді. Поэманың идеясында әйелді қоғамның ерлерге тең мүшесі деп тану, оның әлеуметтік қмірдегі орнын бағалау жағына көбірек көңіл бөлінеді. Мұны Масғұттың көзқарасынан айқын танимыз. Ұры тонап жатқан шалды айырып алған ол шалдан базарлық алуға барғанда өзіне қызыл жемісті таңдайды.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,  
Сары жесең, дәулетің судай тасар.  
Егерде қызыл жеміс алып жесең,  
Ұрғашыда жан болмас сенен кашар, —

дейда шал. Масғұт ақылды да, байлықты да таңдамайды, оларды сынайды. Көп наданның арасындағы жалғыз ақылды адамның күйіне де, байлық пен малқұмарлық аздырған байдың жайына да талғампаздықпен қарайды.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,  
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер.  
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,  
Деп едем бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,  
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы.  
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,  
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?

Үйінде тексерілмес дау бола ма?

Ері ашу айтса, әйелі басу айтып

Отырса, бұрынғыдай жау бола ма? —

дейді Масғұт өз таңдауын түсіндіргенде ол әйелмен достықты қадыр тұтады. Ер мен әйел теңдігін жақтайды.

Поэма ақынның осы идеясына әкелетін уақиғаны баяндауға құрылады. Онда суреткерлік емес, ой, ақыл басым. Уақиға мен тартыс өмірлік тартыстан емес, ақының ақылынан, айтайын деген ой-үлгісінен туады. Оның жаңа үлгідегі поэма түрінде емес, шығыс дастандары түрінде жазылуы да осыны байқатады.

«Масғұт» поэмасы — мазмұн-мағынасы терең, автордың негізгі ойын жеткізу жағынан тартымды шығарма. Байыптап қарасақ, Абай Масғұт әңгімесін жай ескі аңыз деп қарамай, сол әңгіме негізінде өз заманына тікелей қатысты мәселелер жайлы толғанғанын байқар едік. Поэмадағы сюжеттің мағыналық түйіні, кейіпкердің іс-әрекеті, ұмтылысы мен ұғымы бөлек бір ағын болса, автордың (баяндаушының) өз көзқарасы, уақиғаның әр бұрылысына, әр іске беретін бағасы екінші ағын болып, кейде бір арнаға құйылып жатса да, екі жарылып, айырыла жарысып, бөлініп кетеді. Осыдан келіп шығарманың мазмұны да біркелкі, бірбеткей сипатта көрінбей, қат-қабат, қатпарлы мағына алады, Соның өзінде автор өз ойларын жанынан шығарып, жапсырмалауға бармайды, сол сюжеттің арғы, ішкі иірімінен толқып шығатын мағыналық түйінді өрістетіп әкетіп, өзінше толғам-тұжырым жасайды.

Поэма мазмұнының осындай қат-қабат күрделі болып келуі оны

әр қырынан қарап әр түрлі бағалауға мүмкіндік береді. Айталық, кейбір әдебиетшілер «Масғұт» поэмасын әйелдерді айрықша қастерлейтін шығарма деп санайды. Оларды негізгі дәлелі — Масғұттың қызыл гүлді таңдауы, әйел қауымы досым болса деген қалауы, ақыл мен байлыққа кенелуден бас тартуы. Осының өзі салмақты дәлел секілді көрінсе, бұл поэма кейіпкерінің пікірі, соның ойлау өресін танытатын сөздер ғой. Ал Абайдың осыған беретін бағасы қандай екенін еске түсірелікші:

Сол заманда-ақ надандар шырық бұзған,  
Жалғанның дәмін бұзып қаут қылғызған.  
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,  
Арашаны іздепті қатын, қыздан.  
Ендігіге не сұрау бұл заманда?  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.

Абай тіпті өлердегі сөзін айтып, ақыл мен малды бағалай білмегендерді, күте алмағандарды надандар деп, «жалғанның дәмін бұзып қауіп қылғызған» солар деп, қатты ашынып айтады емес пе? Абай поэма кейіпкері Масғұтқа ерік беріп, еркін сөйлетіп, сөзін құптағандай сыңай көрсеткендей уақиғаны асықпай баяндап шығады. Сөйтіп, өзін-өзі тоқтатып, айтар ойын ішке сақтап отырып, кейін осы алғашқы әңгіме тиянақталған тұста бірақ ақтарылатыны соңынан барып айқын болады. Масғұт ақылды тандамады дегенді бөліп алып ойластырсақ, соның мәнісін тереңдеп түсінсек жарар. Елден асқан

ақылды болсам да, надандар ақылға мойын бұрмас дейді Масғұт.

Әділетсіз, ақылсыз, арыздарды  
Көре тұра көңілде тыныштық тұрмас.  
Адам дертті болмай ма құса тартып,  
Тұщы ұйқы, ұйықтай алмай түнде жатып,  
Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,  
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Әділетсіздікке, арыздыққа, надандыққа қарсы тұруға жарамаса, ақылдылықтың, әрине, құны да жоқ.

Міне сондықтан да Абай поэманың екінші бөлімінде байлыққа жетуді де, әйелдер досым болса дегенді де былай қойып, ақылды болудың қиындығы туралы мәселені жекелеп алып, тағы бір тың оқиғаны баяндау негізінде сол сарынды өрістетеді. Сөйтіп, поэманың бірінші бөлімінде елден ерекше ақылды кісінің надан, топас адамдардың ішінде отырып әділетсіз, арыздарды түзей алмай, әуреге түсіп, дертті болатыны сөз болып, бұл тұжырым үш нәрсенің бірін таңдау ретімен айтылатын сюжеттің бір тармағы ғана болып, жанама түрде келтірілсе, екінші бөлімінде есер, есіріктердің ортасында есті адам да еріксіз есінен айрылатынын тұспалдап көрсететін оқиға баяндалып, оның өзі бірден-бір нысаналы тақырып болып өріледі.

Масғұт пен Халифа көптің қаһарынан қорқып, солар ішкен бұзылған суды ішуге мәжбүр болғанын, содан естерінен адасқанын айта келіп:

Көрдің бе көп тентектің қылған ісін?  
Еріксіз есті екеуін есер етті,- дейді.

Абайдың өз түйіні баяндалып отырған оқиға желісінен мүлде басқаша екені поэманың соңғы шумағындағы:

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең,  
Ғапы боп көп нәрседен бос қаласың,  
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең,—

деген сөздерден тағы да айқын аңғарылады.

«Масғұт» поэмасын сөз еткенде М. Әуезовтың осы шығармаға айтқан сын пікірлеріне тоқталмай кету дұрыс болмас еді. Мәселе Әуезов Абай поэмасының кемшіліктері деп көрсеткен кейбір ерекшеліктеріне ой көзімен қарап, байыптап түсінуде, айтқан сынды қолдау немесе қолдамауда емес, Әуезов «Масғұт» поэмасын қай тұрғыдан қарап бағалаған, қандай талаптар қойып сынаған, қандай дәлелдер айтқан — міне осы жайларды ойластыру шығарманың жанрлық сипатын, сюжеттік құрылысы мен көркемдік ерекшеліктерін түгендеп тексеру, толығырақ түсіну үшін қажет.

Біз алдымен Әуезовтың «Масғұт» поэмасы жайлы айтылған құнды пікірлері, байлам-тұжырымдары мол екенін атап керсетуді орынды деп санаймыз. Өзінің поэмаға жасаған талдауларын, ойтүйіндерін Әуезов шығыстан келген аңыз Абайдың өз ойын баяндауда керекке жаратылған творчестволық материал болып отыр деп қорытады. Біздің көңіл аударғалы отырғанымыз Әуезовтың осы пікірін жалғастыра келіп поэмаға айтатын сын пікірлері. Енді сол пікірлерге құлақ асалық:

«Сөйтіп, бұл поэманың ойы өмір оқиғасынан, тартысынан тумайды[4-12-47],-дейді Мұхтар Әуезов,— Қайта сол оқиға,

тартысының бәрі ақынның ақылынан туады. Осындай сюжетті әңгіме құруда суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол, әсіресе, осы поэманың екінші бөлімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек деді.

Ал, Абайда олай шықпаған. Масғұт қызыл жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақылды кісі болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті Шәмсижиһан атанады. Ақыл, парасаты арқылы жиһанның күні болған делінеді.

Дұрысында, поэма оқиғасының алғашқы бөлімінде жеткен өрісі бойынша, әйелдер достығынан туған мінез, оқиғалар, соның айналасындағы тартыстар поэманың екінші бөлімінің үлкен өрісі болу шарт еді.

Ал, Абайда — Масғұт бар әйел қауымы түгіл, бір әйелдің достығына да душар болмайды. Онын үстіне поэманың соңғы бөліміндегі «жынды су» мотиві және одан туатын «жұртың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!» дейтін қортындылар бұл поэманың алғашқы бөліміндегі мінез бен істерге логикалық жағынан да қиыспайды. Оқыстан туған оқшау халдер есепті болады».

Шынында Абай поэманың екінші бөлімінде ескі аңыз-ертегінің сюжетін өзінше жалғастырып дамытуды мақсат етпейді. Ақын екі басқа шығармалардан алынған өз ара тікелей байланысы жоқ екі

сюжетті Масғұттың өмірінің екі кезеңін сипаттап көрсету үшін алып отыр. Поэманың бірінші бөлімінде де, екінші бөлімінде де алынған сюжеттегі уақиғаның желісін тілге тиек етіп, сол арқылы өз ойын білдірген.

Қызыл гүлді алған Масғұттың таңдауын Абай қолдамайды. Ақ гүлді алып, жаннан асқан ақылды болып шығудан Масғұт өзі бас тартты деп Абай оны сынап отыр. Қаншама жұрт кесел келіп бұзылған су ішіп есінен ауысқан кезде хан мен оның уәзірі Масғұт та өз еркімен сол судан ішіп ақылынан айрылуға мәжбүр болғанын баяндай келіп, ақын бұл аңыз-әңгімеден де өзгеше қортынды жасайды. Көптің білместіктен істеген ісіне, айтқан сөзіне ермеу қажет деп түйіндейді.

Масғұт ақылына ақыл қосып, елден ерек ақылды болуға тырыспағанымен ақылдан кенде адам емес. Масғұттың ханға уәзір болуы, оған да ақыл-кеңес беруге қабілеті жететін адам болып көрінуі тегін болмаса керек. Бір жағынан елден асқан ақылды болудан қашты деп Масғұтты сынай отырып, Абай көп наданның ішінде айрықша ақылды болу да қиын деген ойды түгелдей жоққа шығармайды. Поэманың екінші бөлімшедегі сюжеттен міне осы шындық айқын көрінеді. Бұл сюжет те ескі ертегі-аңыздан алынғандықтан ғибраттылық мәнімен көбірек назар аударады, шындығынан гөрі көркемдік шарттылығы басым келеді. Алайда бұл сюжет ақылды болу үшін айтатын ақылды бағалай білетін адамдар, ұғатын, түсінетін қауым болу керек деген ойды тұспалдап жеткізуге тірек болып тұр. Әрине, Абайдың екі басқа, уақиға желісі жағынан іштей бірлігі жоқ сюжеттерді бір жерге түйістіріп, қатарластыра

алуы да — өз идеялық-көркемдік мақсатына орайлас тапқан шешімі.

Абай ертегі-ағыздың сюжетін қызықтай отырып, оларды өзінше өңдеуге, өзгертуге тырыспайды, бірақ сол сюжеттің ығы мен де кетіп қалмайды, өз ойын, өз пікірін еркін өрбітіп, тұжырымдап айтып береді.

Пікірлерін жинақтай келе, «Масғұт» поэмасын Әуезов бар қалпында алып бағалауымен шектелмей сол поэманы басқаша қалай жазуға болар еді, қайтсе өзгеше ұтымды көркемдік шешім табылатын еді дегенге ойысады.

«Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея — араб шығыс аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып жүрген идеялары болады. Бірақ сол жайлар заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып, киюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді» [4-12-58].

Әрине, үлкен жазушының мұндай пікір айтуы мүлде қисынсыз емес. Әуезовтың «Масғұт» поэмасына көңілі толмай, сын пікірлер айтуына түрткі болған да міне, осы әттең Абай өз шығармасын өз заманындағы қазақ қоғамының өмірінен алып неге жазбады екен деген ойы болса керек. Ақын шығармасына тарихи-әдеби процестің өсу-өркендеу тұрғысынан келіп, басқа бір қырынан қарап айтылғанын ескерсек, бұл ой көңілге қонады да. Алайда, бұдан бір ғасыр бұрын жазылған, әрі өзі Абайдың қолынан шыққан шығарманы сол бар қалпында бағалауға міндетті екеніміз айқын ғой.

М. Әуезов оны жақсы түсінген. Сонымен қатар тосын сын пікір айту, пікір таластыру мәселенің байыбына баруға, шығарманың мәнін, өзгешелігін бағалауға әр қырынан келіп, шындықтың көзін неғұрлым терең ашуға себепші болатынын да ескерген.

«Масғұт» поэмасындағы алғашқы сюжет яғни, Масғұтқа Қыдыр шалдың ақ, сары, қызыл үш гүл таңдатуын баяндайтын бөлімі мен Тургеневтің «Шығыс аңызы» («Восточная легенда») атты әңгімесі бір-біріне уақиға желісі жағынан ұқсас келеді. Абай:

Арун — Рашид халифа заманында

Бағдатта бір жігіт бар, аты Масғұт,—

деп бастап, сол жігіт бір ұры бас сап тонап жатқан жерінен шалды арашалап алғанын айтса, Тургеневтің баяндауында да әңгіме солай басталады. Тек жігіттің есімі Джаффар делінген. Риза болған шал Абайдың поэмасында Масғұтқа бір гүлдің басындағы үш жемісті таңдатып:

Ағын жесең, ағылың жаннан асар,

Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар.

Егерде қызыл жеміс алып жесең,

Ұрғашыда жан болмас сенен қашар,—

десе, Тургенев әңгімесінде шал жігітке бір ағашта өсіп тұрған үш жемісті таңдатып, ағын жесең жаннан асқан ақылды боласың, қызылын жесең, бай боласың, сарысын жесең, кәрі әйелдер сені жақсы көреді дейді.

Масғұт елден бөлек ақылды болсам, ақылсыз арсыздарды көргенде көңілде тыныштық тұрмас, бай болсам, жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін деп, екеуінен бас тартып:

Қызылды жесем мені әйел сүйер,  
Адамдыққа жүрмесем, не жан күйер?  
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,  
Деп едім бір пайдасы маған тиер,—

деп қызыл жемісті таңдаса, Джаффар тым ақылды болу бір азап, бай болсаң, елдің бәрі көре алмайды деп, жесең сені кәрі әйелдер ұнатады деген сары жемісті таңдайды.

Абай поэмасындағы Масғұт «Шамси-жиһан» атаныпты, мағынасы «бұл дүниенің күні» деген сөздің орайына Тургенев әңгімесінде Джаффар «солнце вселенной» делінген. Осы айтылғандардан Абайдың поэмасындағы сюжет пен Тургеневтің әңгімесінде баяндалған сюжеттің түпкі негізі бір, шығыстық ескі аңызға барып тірелетінін байқаймыз.

Сюжеттің өзгеше құрылыс-қалпы, уақиғаға Қыдыр шалдың араласуы, және жиһан кезген қарапайым адам болып жүруі, оның Масғұтқа ерекше қасиеті бар үш жемісті таңдатуы — бәрі де шығыстық ескі аңыздың сипатын танытады. Уақиға Бағдатта, Арун-Рашид халифаның заманында болған деп айтылғандықтан, алдымен «Мың бір түн» сюжеттері ойға оралады. Алайда бізге белгілі «Мың бір түн» әңгіме-аңыздарынан дәл осы сюжет кездеспеді. «Мың бір түн» әңгімелерінің М. А. Салье аударған орыс тіліндегі сегіз томдық жинағында оныншы түнінде айтылған әңгімеде Арун-Рашидтің уәзірі Джаффар аталады. Сонда «Мың бір түннің» бізге белгісіз толық бір нұсқасында осы сюжет бар-ау, соны Абай мен Тургенев білген-ау деп жорамал жасасақ, бұл сюжет алғашқы түндердің әңгімесінде болуға лайық, бұл сюжеттің өзінше бөлек ауызша айтылуы, таралуы да

мүмкін. Кезінде белгілі Тургеневті зерттеуші академик М. А. Алексеев осы әңгіме жайында сұрағанымызда, бұл өзі орыс жазушының шығармасындағы бір оқшау тұрған, бөлекше сюжет, ол оны атақты шығыс танушы Ханыковтан (1822—1878) ауызша естіп білуі мүмкін деген пікір айтқан еді. Ал Абай болса, шығыс әдебиетімен жақсы таныс, аңыз-әңгімелерге қанық қой. Сондықтан, Тургенев білген сюжетті оның да білуі әбден қисынды. Рас, Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында «Масфұт поэмасының тұсында «Тургеневтен» деген жазу бар. Ол үстінен басқа сиямен жазылған, кейінірек Тургенев әңгімесін білген біреудің көрсеткені секілді. Абай шығармасын белгілі сюжетке құра отырып, оның мәнісін өз кезіндегі қоғамдық өмірге байланыстыра қарағанда қалай түсінуге болатынына да айрықша көңіл қоятынын жоғарыда айтып өттік.

Тағы бір көңіл аударарлық нәрсе — Абайдың поэмасында Тургенев әңгімесінде жоқ екінші бөлім тағы бар екені. Егер поэманың жоғарыда сөз болған алғашқы бөлімі 1909 жылғы жинақта басылса, екінші бөлімі 1939 жылғы жинаққа Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алғаш кіргізілген. Мұндағы «Сол Масфұт халифаға уәзір бопты» деп басталатын әңгіме өз алдына бөлек уақиға, бірақ мағынасы алғашқы әңгімеге бір жағынан жалғас келеді, өйткені сюжеттің мәні ақылсыз, есалаң адамдардың ішінде ақылды болып жүру қауіпті деген пікірге саяды. Оның үстіне баяндалатын жай-жағдай басқа болғаныменен, сол Масфұттың басынан кешкен уақиға делінген. Және баяғы Қыдыр шал бір уақытта Масфұтқа аян беріп, пәлен күні жауын жауады, сол жауын суының кеселі бар, барлық су

бұзылады, ішкен адам жынды болады деп сақтандыруынан-ақ бұл сюжеттің аңыз-әңгіме, тымсал түрінде келетіні бірден айқын көрінеді.

Ал осы әңгімедегі сюжеттің шығу тегі, қайдан келгені жайында ойлансақ, онда да Арун-Рашид патша, оның уәзірі Масғұт аталатындықтан, осының өзі шығыс елінің, соның ішінде арабтардың ескі аңызынан алынған ба деген сауал алдымен ойға оралады. Алайда, әзір ше бұл жағы бізге белгісіз. Оның есесінде дәл осындай сюжет «Бирма халықтарының ертегілері» деген орыс тілінде басылған кітапта («Сказки народов Бирмы». Составители В. Б. Касевич, Ю. М. Осипов. М., «Наука», 1976, 263-264 беттер) бар екені анықталды (З. А. Ахметов. Современное развитие и традиции казахской литературы. «Гылым», 1978, 70-73 беттер) [5-127].

Ертегі орысша аудармада: «Когда все пьют дождевую воду, ее приходится пить и королю» деп аталады.

Мұнда патшаның орнына король, ал Қыдырдың орнына жұлдызға қарап болжау айтатын дана алынған. Одан басқа алшақтық кездеспейді. Жауын жауып, су бұзылуы, ішкендер түгел есінен адасқаны, аяғында жыннанған жұрттан сескеніп король мен ақылшысы жұлдыз санаушы да жынды судан ішіп, есінен айырылатыны — бәрі де тұп-тура ұқсас келеді. Бирма ертегісі Абайдың заманында орыс тіліне аударылмаған. Қалайда бұл сюжет қазақ елімен шектес халықтарға да белгілі болған деп санау қисынды секілді.

Осы бір ғана «Масғұт» поэмасы төңірегінде сөз қозғай отырып-ақ, Абайдың шығыс елдерінің әдебиетіне айрықша зейін қойғанына,

ескі аңыз-ертегілерді жете білетініне көз жеткіземіз.

Абай «Масғұт» дейтін фәлсапалық-моральдық, дастанында қайырымдылықты, ғаделеттікті, ерлікті дәріптейді, надандықты сынайды. Дастанның ұзын-ырғасы мынадай.

Бағдатта тұратын Масғұт деген жігіт бір күні шаһардан шығып келе жатып ұры тонап жатқан шалға кезігеді. Жанұшыра айқайлаған шалға болысқанда, оны ұры қылышпен шабады. Оның есесіне шал құтылады.

Шалдың өтініші бойынша ертеңіне Масғұт онымен оңаша жолығысады. Шал айдаладағы тамға алып барады. Ол тамда солқылдаған гүл тұр екен. Гүлдің басында үш жеміс бар екен. Бірі — ақ, бірі — қызыл, бірі—сары. Масғұтқа шал сол үш жемістің қалағанын сыйлық, етпек болады.

Ағын жесең ақылың жаннан асар,  
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,  
Егер де қызыл жеміс алып жесең,  
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Жігіт шамалы ойланып, қызыл жеміске көңілі соғатынын білдіреді. Шал оның себебін сұрағанда, Масғұт ақылды адамның көңілінде тыныштық тұрмайтынын, ал, байға көз тігушілердің көп болатынын айтады. «Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса, бір пайдасы тиер»,— дейді. Сонымен, Масғұт қызыл жемісті жейді.

Шал батасын беріп, ғайып болады. Ол — қыдыр еді.

Масғұт ханға уәзір боп, «көп пен топты алдынан тарқатып» жатады. Бір күні оған қыдыр аян береді: пәлен күні жауын жаумақ,

оның суында кесапат болмақ, ол суды ішкендер жынданбақ, жындану бір жетіге созылмақ.

Айтылмыш күні жауын жауады. Оның суынан ішкендер түгел жынданады. Жынданған жұрт хан мен уәзірге лап береді. Құты қашқан екі хакім жауынның суынан ішіп, жұртпен бірге жынданады. Енді олар көпшілікпен тіл табысады. Көпшілік бұл екеуінің билігін мойындайды. Дастанның түйіні былайша:

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең,  
Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың,  
  
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.

Бұның бір ұшы баяғы тобырмен бір ұшы Абайдың өзінің: «Жұрт айтса болды, көп айтса көнді, әдеті надан адамның» дейтін өлеңімен жалғасады. Желісін «Мың бір түннен» алған қазақ ақынының дастанды өзінң көңіл күйіне, ұғымына бейімдеп шебер шегеруінде әлгідей сыр бар.

«Әзім әңгімесін» Абай: «Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген, сол сөзді өлең қылып айтқым келген» деп бастаса, «Масғұттың» төркінін аузына да алмайды. Бұның себебі танық.

Осы дастан Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында «Тургеневтен» деп көрсетіліпті. И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты шағын әңгімесінің сюжеті «Масғұттың» алғашқы жағына ұқсайтыны рас. Бірақ екеуі бір емес. Тургеневте геройдың аты Масғұт емес, Джаффар. Тургеневте ол айдаладағы тамға бармайды, бас базардың фонтанына барады. (Деталь қандай деңіз!)

Тургеневте жеміс кипариске ұқсас аса биік ағашта өседі (миуа ағашы аласа болатыны ұмытылған), «Масфұтта» солқылдаған гүлге бітеді (гүл, бұл арада бұтаққа баланған).

Ұзын сөздің қысқасы, шығыс аңызын, дәлірек айтқанда, «Мың бір түннің» бір оқиғасын Тургенев те, Абай да өзінше әрлеп алады. Тургеневтің геройы: «Сделаешься слишком умным — пожалуй, жить не захочется» деп толғанады. Абайдың қаһарманы: «Ендігіге не сұрау бұл жалғанда, ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда» деген толғауға телінеді. Абайда Тургеневтегідей «Еврей Ротшильд» секілді бай да, «Соломоннан да ақылдысың ғой» да жоқ. Абайда қазақтың тұрмысына, мінез-құлқына үйлесетін нәрселер ғана бар.

Әрине, Мүрсейіттің ескермесін мансұқ етпейміз Тургеневтің «Шығыс аңызын» Абайдың оқуы бек мүмкін. Бірақ одан көшірмеген. Көшірсе, европалық әдебиетке тән бір деталь неге бой көрсетпейді.

«Әзім әңгімесі» — «Мың бір түн» ертегісінен алынған бір уақиғаның өлеңмен жазылған түрі. Мұнда көпті алдап жүрген адамдардың аярлық мінезі сыналады. Поэма аяқталмаған.

Абай бұл поэмасында да аңыз-ертегілік сюжет баяндайды. Өзімнің бастан кешкен оқиғалары «Мың бір түндегі» (774-827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгімесімен» сәйкес келіп отырады. Ақ көңіл адал жас жігіт Әзімді («Мың бір түнде»-Хасан) бір шал кісі мысты алтын жасайтын өнерім бар деп қызықтырып, онаша кездеседі де, мас қылып, ай далаға қол-аяғын байлатып алып кетеді. Онан соң шал Әзімге биік таудың басынан қара топырақ алғызып, түсетін арқанды қиып, өзін сол жерге қалдырып кетеді. Әзім таудан түскен бетте бір ғажайып алтынды үйге кездесіп екі сұлу қызды көреді.

Абайдың поэмасында әңгіме желісі осымен үзіледі (шығарма аяқталмаған, не сақталмаған). Ал «Мың бір түнде» жігіт сол қыздардың көмегімен шалды өлтіріп, онан кейін де әр қилы оқиғаны бастан кешіріп, өзі үйленіп, балалы болып еліне қайтып келеді. Абай «Масғұт», «Ескендір» поэмасынан байқағанымыздай, аңыз-ертегілік сюжетті құр қызықтап, баяндап қана қоймай, одан бір ғибратты ойтүйін жасаса керек еді. «Әзім» поэмасы толық емес болғандықтан бұл жағынан тиянақты пікір айту қиын. Алайда ақын Әзімнің қандай қиыншылыққа болса да мойымайтын, жеңіп шыға алатын табандылығын, зеректігін, батылдығын өнеге еткен деп айтуымызға әбден болады.

Парсы тіліндегі нұсқасын Фирдоусиден бұрын Дакикидің өлеңге көшіргені жоғарыда айтылды. Сонда Ізтілеуовтің ескі парсы тіліндегі көзі көміліп қалған деректерді аршығаны ма? Бұл логикаға келмейді.

Т. Ізтілеуовтің кітабына жазған алғы сөзінде академик-жазушы Мұхтар Әуезов: «Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмагамбеттің өзң өлең етіп жазған Рүстем жөнідегі дастанның қазақша варианты» деп тұжырымдайды. Бұл жорамалдың жаны бар. Халық ақыны толық қанды, дәл аудармаға бармай, өзінше вариант жасаған.

Атворының есімі сақталғаны болмаса, әлемдік озық эпостардың санатына қосылатын «Шахнама»— барлық халықта қымбат әдеби мұра, Фирдоуси үшін мәңгілік ескерткіш. Бұл жайында өзі былайша толғаған.

Бой бермес дауыл несерге,  
Жырдан дәу сарай салдырдым.  
Мұралы өнер өшер ме,

Керемет кітап қалдырдым.

Өлсем де тірі болармын,

Құрметке талай толар күн.

Фирдоуси дәмеленген құрмет, ықыластың қазақ даласында баяғыда тууы — байырғы нышан, рухани сергектіктің сыпаты еді.

Абайдың алдындағы және оның тұсындағы «кітаби» дәстүр осындай еді. Осындай жағдайда қазақ поэзиясын өмірмен қоян-қолтық араластырып, шыншыл, сыршыл сыпатқа иелендірген Абайдың байырғы бай лирикасымен терезесі тең, түсерлік поэма жазбауы неліктен? Бұған төрт түрлі себеп бар еді.

Абай дәуірінде қазақ топырағында заманның сыпатын, қоғамның, ішін танытарлық реалистік поэма жоқты. Абайдың өзі тапсырма беріп жаздырған Көкбайдың дастандары маман поэмаға жуықтай алмаған-ды. Ал, Абай ұстаз тұтқан Пушкиннің, Лермонтовтың поэмалары: «Руслан — Людмила», «Полтава», «Кавказ тұтқыны», «Бахша сарай фонтаны», «Жәбірейіл-нама», «Мыс салт аттылар», «Измаил-Бей», «Бестужы ауылы», «Мцыри», «Кавказ тұтқыны», «Демондар» бөгде жұрт тақырыбына яки аңыз сарынында жазылғанды. Бұндай поэмалардан ойшыл да санаткер Абайдың қазақ тұрмысына үйлесімді үлгі табуы қиын-ды. «Граф Нулин» немесе «Боярин Орша», «Тамбовская казначейкалар» бір жоспарда құнды бола тура, қоғамдық өмірдің көп қырын жан-жақты ашатын дүниелік емес-ті. Абайға дәуірлік, шежірелік қатпарлы, қыртысты үлгі керек болды. Осы ретте ол «Орыс өмірінің энциклопедиясына» баланған «Евгений Онегинді» таңдады. Орыстың әдеби ілімінде «басы артық адам» атанған образдар Абайға іштей бауырласты. Үстем қауыммен

қақтығысуға дәрмені жоқ, дүниеден торыққан Онегин Пушкинге қандай сырлас болса, Абайға да сондай мұңдас еді. Оның «Евгений Онегин» романынан үзінді аударуында осындай гәп бар.

«Евгений Онегин» сынды реалиетік шығармаға ықылас қойған ол Некрасовтың қарапайым да құнарлы поэмаларын оқымаған сияқты. Оқыса, ұлы Толстой «Ұйқасшыл публицист» деп атаған ақынды қабылдамаған тәрізді.

Екінші, Абайға таныс Шығыс поэзиясында қоғамдық тұрмыстың, болмыстың шындықтың шәркездігін ашатын, әшкерелейтін әлеуметтік-реалистік поэма жоқ еді. Ғашықтық дастандарды, ғұламалық-гуманистік дастандар профессионалды, поэмадай сегіз қырлы емес-ті. Ең озық деген Фирдоусидің «Шахнамасының» өзінде халық тұрмысының, бұқара күйінің қатпары ашылмаған-ды. Демек, Абайға басқа үлгі қажет еді. Оған «Онегин» керек-ті. Бірақ «Онегин» сарындас шығарма жазарлық шақта ол ғақлияға отырып қалды. Қуаты асқақ ақындық қарасөзге бастады. Пушкиннің өзі «Онегинді» жазу үстінде: «Лета к суровой прозе клонят»— «Жас кеп қалды, қаһарлы қарасөзге ауам білем»—деген емес пе еді. Абайдың басында осы күй болды. Бұған қосарлап айтар бір нәрсе, дарыны дәйекті Пушкиннің өзі «Евгений Онегинді» шамасыз ұзақ жазған. Романның тарау- тарауларының арасында үзіліс жасап, әлде неше поэма тудырады. Орыс топырағына тым таңсық шығарманы — өлеңмен жазылған романды — аяқтауға асықпады. Бұны түпкі жоспардың (замыселдың) тұңғыықтығымен ғана түсіндіру аздық етеді. Біздіңше, өлеңмен жазылған роман білімді де сезімтал авторды көп қинаған тәрізді. Оған өзінің шығарманың барысында «Татьяна сүймеген

генералға менен еріксіз шықты» деген сөзі куә. Шығарма өзегіндегі бұндайлық күрт те күрделі өзгеріс прозаға тән. Пушкиннің «қаһарлы прозаны» аңсауы осыдан. Мың дегенмен, поэзияның аты поэзия. Ол прозаның жүгін көтере алмайды. «Онегиннен кейін орыс топырағында өлеңмен жазылған романның ұзақ өмір сүрмеуі тегін емес. Осы шындықты сезгендей, Пушкиннің шәкірті Лермонтов «Онегиндегі» Пушкин бас қаһарманының есімін Онега көлінен алса, Лермонтов — Печора өзенінен алып, Печорин қояды. Қоғамдықғаделетсіздікке қарсы күресуге дәрмені болмай, іштей қайнаған, ақырында дүниеден торығып, өмірден күдер үзген Онегин мен Печорин, И. С. Тургеневке түгел ауысады. Ол өз тұсының Онегині мен Печоринін бейнелейді. Осылардың бәрі сарындас, ағымдас, мұңдас бола тұра бірін-бірі дәл қайталамайды. Екі ақынға қайта соғатын болсақ, меніңше, Онегиннің образынан Печориннің образы терең шыққан. Бұған ағадай алған ғибрат, үйренген тәжірибе үстіне жанрдың, яғни прозаның кең мүмкіншілігі сеп тигізген.

Қазақ сахарасында Абайдың әлеуметтік-тұрмыстық, шыншыл поэмаға бара алмауының үшінші себебі – өлеңі тәңірегіне тез тарап отырған пенденің ұзақ еңбекке уақыты да бола бермеуінде еді. «Қолын мезгілінен кеш сермеген» кезде өтімді өлең жазбасқа шарасы жоқ-ты.

Төртінші, өзінен бұрынғы ақындарға сын көзімен қараған Абай өзінен бұрынғы дастандарға да, жырларға да, хиссаларға да талғампаздық жасады. «Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз» деп Әріптің хиссасын кекетуде осындай гәп бар-ды. Сөйте тұра, сондай соқпақтарға соқпай өтуі және қиын-ды. Осы жолда ол үш дастан

(поэма емес) жазды. Үшеуі де Абайдың табиғи мүмкіншілігінен көп төмен. «Мың бір түннен» өлеңге көшірген «Әзім әңгімесінің» аяқталмай қалуында сүрлеуден қайтқан көңілдің, торыққан шабыттың селқостығы жатады.

## II ТАРАУ

### Абайдың «Ескендір» поэмасының өзіндік ерекшеліктері

Алдымен, «Ескендірдің» тақырыбынан бастасақ мұндағы оқиға желісі-әр елдің әдебиетінде әр түрлі жырланып, халықтар арасына мейліеше мол тараған сюжет. Поэманың бас кейткері Ескендірді (бірде Александр Македонский, бірде Ескендір Зұлқарнайын деген атпен) осы тақырыпты жырлаған әр ақын әр түрлі бейнеде көрсеткен. Мәселен, әзербайжан әдебиетінің классигі Низамидың «Ескендірнама» дастанында Ескендір ұнамды кейіпкер ретінде суреттеледі, өзбек ақыны Науаида да дәл осындай...

Ал, Ескендір образын жасаудағы Абайдың мақсаты басқа: мұнда Ескендір ұнамсыз кейіпкер бейнесінде көрсетіліп, ұнамды кейіпкер ретінде Аристотель алынады да, мұның болмыс-бітімі анаған шендестіріліп, қарама-қарсы қойылады. Міне, осындай идеялық мақсаттан туған поэманың тақырыбы, тұжырып айтқанда,— екі адамның бойындағы терең ақыл мен жеңіл нәпсінің шарпысуы ғана емес, адамгершілік пен озбырлықтың арпалысы; әділдіктің жауыздықты жеңуі болып табылады.

Поэманың мазмұны да нұсқалы: Македония қаласында тұратын Филипп деген патша өліп, оның тағына баласы Ескендір отырады. Ескендір жасынан қызбалау, «мақтан сүйген, қызғаншақ адам екен». Жасы жиырмадан аз-ақ асқан соң «көршілерге көз алартып, сұмдықпен әскер жиып, жақын жерге жау боп, күтінбеген көп елді қырып-жояды да, қалаларын тартып алады». Жазықсыз жандардың қанын төгіп, «шапқан елдің бәрін» өзіне бағынышты етеді. Ел

шапқан сайын «араны ашыла түседі». Енді жер жүзін түгел жаулап, өзіне қаратқысы келеді. Осындай жауыздық оймен «жарақтанып, есепсіз әскер ертіп», жолға шыққан Ескендір елсіз шөлге ұрынады:

Сандалды сар далада су таба алмай,  
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай.  
Қызметкердің бәрін де өлтірмекіш  
Болыпты шөлдегенге шыдай алмай.

Енді бірде Ескендір ат үстінде тұрып, алыстан жылтыраған бір нәрсе көреді; «барса бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ». Суға қанып, шөлін басқан озбыр патша енді әлгі бұлақ ағып шыққан жерге барып, сол жердегі елді жауламақшы болады. Қолын ертіп, бұлақты бойлай күні-түні дамылсыз шауып келе жатса, «судың басы бір құзар шатқа кіреді: шаттың аузы қорған, қорғанның қақпасы бекітулі; бекітулі қақпаны даңғой патша қалай тартса да ашылмайды. Ескендір долдана айғайлап, қақпаны қанша қаққанмен, арғы жағынан келген күзетші: «Рұқсат жоқ!»—деп ашпайды. Ескендір өзін таныстырып, мықтылық айтады. Сонда күзетші тұрып:

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең!—

дейді. Амалы құрыған Ескендір не ктеудің бабын таппай, күзетшіге жалынып, сыйлық беруді сұрайды. Анау орамалға түйілген бір нәрсе береді. Ескендір түйіншекті шешіп қараса,— бір қу сүйек; долданып, лақтырып жібереді. Ескендірдің ақылды жолдасы Аристотель оның көзінше әлгі сүйекті таразының бір басына салып, екінші басына барлық күміс пен алтынды, оның үстіне қалың қолдың қару-жарағын

түгел үйсе де кішкентай сүйекті баса алмайды, қайта сүйек ауырлана түседі. Патша таң қалады. Содан соң, Аристотель сүйек үстіне бір уыс құм шашқанда, «ана басы сылқ етіп жерге түседі де, сүйек басы жоғары шығып қалады». Аристотель патшаға «Бұл — адамның көз сүйегі екенін», араны ашылған адуын пенденің «жеміт — көзі» өзі өліп, «құм құйылғанда ғана тоятынын» түсіндіреді. Жауыз патша мойны салбырап, кері қайтады.

Поэмадағы адам бейнелері де бедерлі, қызық.

Абай өзінің ащы сатирасында («Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысын» т. б.) екі жүзді, жемқор болыстардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін баяндау арқылы, олардың кескін-кейпін оқушылардың көз алдына әкелетін. «Ескендір» поэмасындағы образдар да дәл сол әдіспен жасалған.

Поэмада аты аталатын екі кейіпкер — Ескендір де, Аристотель де көне дүние тарихында бар адамдар. Бұлар ақынның суреттеуінде бірі — ақыл мен әділдіктің, екіншісі — қара көңіл озбырлықтың өкілдері ретінде көрсетіледі.

Ескендір — мақтан сүйгіш даңғой, іші тар күншіл, қызғаншақ, қаны қара жауыз, озбыр патша. Оның бойында адамға тән ешқандай қасиет жоқ аяныш дегеннің не екенін білмейді: жазықсыз жандардың «дарияның суындай» аққан қаны Ескендірге ешқандай ой салмайды, шіміркенбейді. «Ашуы көп, қанішер, қаһарлы» патшаның «ашылған аранын» еш нәрсе тойдыра алмайды:

Алған сайын көңілі бір тоймады...

Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Өмірге көр қазушы қанқұйлы, мейрімсіз әміршінің маңдайы

«бекітулі қақпаға» тірелгенше ойранын тоқтатқан да ешкім болған емес:

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,  
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.  
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,  
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Осындай қатыгез патшаға Аристотельдің образы қарама-қарсы қойылады.

Аристотель — әр нәрсеге мән беріп, байыппен қарайтын, өмірдің әрбір құбылысынан өзінше қорытынды шығаратын байсалды ақыл иесі, терең ойдың адамы. Поэма да суреттелген оқиғаға соңғы жағынан қатысып, аз ғана көрініп өтсе де, оның бойынан осы қасиет аңғарылады. Ескендірдің қылмысты қылығына тоқтам салған да соның ақылы. Аристотельдің «жеміт көздің» араны үлкен екенін, дүниеге тоймайтынын айта келіп:

Қанша тірі жүрсе де өлген күні  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен,—

дегені — Ескендірдің көзінің емес, өзінің қанағатсыздығын құлқынқұмар мансапқорлығын түйрей сынағаны.

Өрісі тар, өзімшіл патшаны ақын қарапайым адамға бас игізіп, оның қомағай нәпасісін саналы ойға осылай жеңгізеді. Сөйтіп, ол Ескендірдің қылмысты ісіне Аристотельдің аузымен өз үкімін айтады.

Поэманың идеялық мазмұны да осында жатыр.

Енді «Ескендірдің» ерекшелігіне келсек, мұның өзі онша көлемді

де, күрделі де поэма емес: сюжеті шағын, оқиғасы аз, бәрі бір кішкене ғана арнаның бойында жатыр; оқиғаға қатысатын негізгі (аты мәлім) кейіпкерлер де екеу-ақ. Осыған қарағанда, поэмаға арқау болған шындық сол кездің тұрмыс-тіршілігінен туған іргелі мәселенің өзі емес, бір ғана бұтағы тірізді.

Ұлы ақын өзінің бұл еңбегінде көп адамдар қатысатын шытырман жайларды, қат-қабат құбылыстарды жан-жақты суреттеп жатпай-ақ, поэмаға арқау болған шындық желісін де, сол арқылы айтпақ болған өзінің ой түінін де шебер шешкен. Мұндағы адам образын жасауда да Абайға тән ерекшелік бар: Ескендірдің де, Аристотельдің де сыртқы кескін-кейпі өз алдына суреттелмейді, ішкі психологиялық өзгешеліктері де нақты дерек-деталь арқылы берілмейді. Поэмада мұндай суреткерлік тәсілдер қолданылмаған, тек болған істі бір ізбен баяндау ғана бар.

Бірақ осындай жай баяндаудан-ақ негізгі екі кейіпкер өз бойларына өзгешеліктер жинап, оқушыға сол ерекшеліктерімен толық жетеді, іші-сырты таныс, іс-әрекеттері нанымды. Әсіресе Ескендір тұлғасы оқшау, оқушының көз алдына келіп, дараланып тұрады. Рақымсыз ел тонаушының менмен, о жар түр-тұрпаты да, ақылсыз, даңғой мінез-құлқы да, қырғынды қимыл-әрекеттері де шебер жинақталған. «Жалпы композициялық құрылысын алғанда, «Ескендір»—Абайдың ең жақсы поэмасы» (М. Әуезов).

Поэманың әр жерінен кездесетін бірен-саран жеке сөздер болмаса, тілі таза, жеңіл, жалпыға бірдей ұғымды. Ақын сөзге сараң да, мағынаға терең:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македони шаһары оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер көңілді,  
Мақтан сүйген, қызғаншақ адам екен...

Осы бір шумақта талай жай айтылып қалды: оқушының назарын шуғыл аударып алу үшін жазылған алғашқы жолды қоспағанда, қалған үш жолдың өзінен-ақ Ескендірдің тұрған мекені мен туған әкесінен мәлімет беріліп, мінезі баяндалды.

Поэманың тәрбиелік мәні зор. Абай өз кезіндегі адамдардың мінез-құлқын түзеу мақсатымен, оларды үстем тап өкілі Ескендірдің оспадар қылықтарынан, қылмысты істерінен жирендіріп, саналы адамгершілікке баулиды. Сондағы айтар ақыл-өсиеті мынау:

Ақылсыз өзін мақтап, былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?

Абай поэмаларының ішіндегі елеулісі де, ақынның гуманистік ой-пікірін тереңірек танытатыны да — «Ескендір».

«Ескендір» поэмасы Шығыс елдерінде «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен тараған, Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі қолбасшының өмірі жайлы аңыздар негізінде жазылған. Ескендір тақырыбын Еуропа ақындарына қоса, Шығыстың; Фирдоуси, Низами, Науаи, Жәми сияқты ақындары да жыр еткен.

Абай бұл тақырыпты өзінен бұрынғы ақындар үлгісінің ешқайсысына бұрмай, өзінше жырлаған. Ақын Ескендірдің

өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін күшпен жаулап алмақ болған қанқұмар саясатын сынауға ауысады. Соған орай поэмаға жас кезінде Ескендірдің тәрбиешісі болған ұлы ғалым, гуманист Аристотельді кіргізеді.

Поэма әділдік пен жауыздықтың тартысына құрылады. Жауыздыққа жетелейтін қызғаншақтық пен тойымсыздық екенін көрсете келіп, ақын әділдік, даналықты соған қарсы ұсынады. Қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақтарды ақылға шештіреді.

Бұл- адам көз сүйегі, - деді ханта.

Тоя ма адам көзі мың-мың санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр, көзге құм құйылғанда.

Кәпір ккздің дүниеде араны үлкен,

Алған сайын дүниеге тоя ма екен?

Канша тірі жүрсе де, өлген күні

Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Аристотельдің даналық сөзі қанағатсыз Ескендірге ой салады, ол алған жолынан қайтады. Сөйтіп, ақын Аристотельге Ескендірді бағындырып, жауыздықты әділдікке жеңгізеді.

Поэма аңыз сюжетін сақтағанмен, ақын оны өмір шындығына жақындатып, реалистік негізде суреттейді. Уақиға бір түйінге — әділдік пен жауыздықтың бетпе-бет кездесуіне топталады да, кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы біртіндеп ашылады. Поэманың бас кейіпкері Ескендір шығармадағы уақиға арқауы

болып, оның өне бойында көрініп отырады. Ең соңында ғана Абай оны Аристотельге кездестіреді. Ақынның дидактикалық, өсиет-үлгілік қорытындысы осы арада шығарылады.

Поэмада жарқын суреттер мен қажетті баяндаулар, диалог пен лирикалық шегініс орынды пайдаланылады. Бұл - Абайдың шағын поэма жасауға шеберлігін танытады.

Поэма жанрына жататын, яғни, өлеңмен айтылатын, баяндалатын лиро-эпостық шығармалардың түрлері сан-алуан. Батырлық жырлар, халықтық дастандар, көлемді (сюжетсіз) толғау жырлар — бұлар поэманың қазақ поэзиясында ертеден ең көп тараған, бел алған үлгілері. Абайдың поэмалары деп аталып жүрген «Масфұт», «Ескендір», «Әзім» — ертегі-аңызға құрылған шығармалар. Бұларға қоса Абай Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескеріп, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмаған-ау деп жобаласақ та, бұл екеуі де, «Әзім» поэмасы да толық бізге жетпегендіктен (немесе, жазылып бітпегендіктен) нақтылы байлам жасау қиынға соғады. Ал «Масфұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ олардың өзгешелігі, өзіндік сипаты неде десек, алдымен көңіл қоярлық нәрсе — айтушының, автордың бейнесі баяндалған оқиғадан, сюжеттен бөлектеніп, басқа тұрғыдан көрінетіні дер едік. Бұл поэмаларда сол кездегі заман шындығы тікелей көрінбей, ескі аңыз әңгіме арқылы көрініс берсе де, сол аңыз оқиғаға айтушының, автордың беретін бағасы, оның адамгершілік, ағартушылық идеялары арқылы танылады. Сондықтан Абайдың лирикалық өлеңдерінде насихатталған озат ой-пікірлерімен

поэмаларының идеясы үндес шығып жататыны да кездейсоқ нәрсе емес.

«Масғұт» поэмасында халифаға қысыл-таяң кезде ақыл-кеңес беретін уәзірі Масғұт болса, «Ескендір» поэмасында атағы жер жүзіне жайылған қолбасшы Ескендірге ақыл беретін ғұлама ғалым— Аристотель. «Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара» деп, алтын қорғанға кіре алмаған Ескендірдің қақпадан орамалға орап тастаған сүйектің мәнісін Аристотель айтып түсіндірген соң ойланып, сабасына түсіп, әскерін ертіп еліне қайтқаны — дана кеңесшінің сөзіне құлақ асқаны. Таразының екінші басына қанша алтын, күміс салса да, орнынан қозғалмаған сүйектің тек бір уыс топырақ салғанда ғана көтеріліп шыға келуінің не сыры бар екенін Ескендір патша өздігінен таба алмай, Аристотель айтып бергенде ғана білетіні көңіл қоярлық. Бұл — Ескендірден Аристотель хакімнің ақылы, зеріктігі басым екенін аңғартатын жай. Адам көз сүйегі ауыр болу себебін Аристотель жеміт көз дүниеге тоймайды, бірақ адам қанша ынсапсыз, қанағатсыз болса да, өлгенде көзіне құм құйылғанда тояды деп байымдайды да, Ескендірге «Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!» деп кеңес береді. Аристотелдің сөзінен оның бойына біткен даналық, ақылдылық та, сонымен қатар шексіз тойымсыздықты, көрсеқызарлықты қолдамайтын табандылығы, үлкен адамгершілік қасиеті де айқын сезіледі.

Низамидің Ескендір туралы поэмасын алсақ, онда патша бір кішкентай тасты кірге салып өлшегенде, қанша асылды салса да, тас көтерілмейді. Сонда Қыдыр келіп Ескендірге кірге топырақ сал дейді. Бір уыс топырақ салғанда, кірдің тасы бар екінші басы бірден

көтеріліп шыға келгенінің мәнісін Ескендір өзі ақылымен аңғарады.

Абай кірге топырақ салудың қажеттігін де, оның адамның көз сүйегін неге салмағымен басып кететінін де Аристотелге айтқызып, ғұлама ғалымның тұлғасын ірілендіріп көрсетуге ұмтылған. Бірақ айтылып отырған оқиғаның өзі ұшқыр қиялдың елесіндей көрінгендіктен поэманың құндылығы алдымен оның ғибраттылық мәннен танылады. *«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен? Македония шаһары оған мекен. Филипп патша баласы, ер көңілді, Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен,»* деген поэмадағы бастапқы шумақты оқығанда нақтылы өмірлік жағдай, болған уақиға сөз болатындай әсер аламыз. Алайда Ескендірді біраз сипаттап, оның шапқыншылық әрекеттерінен тыңдаушысын хабардар еткен соң ақын аңыз-әңгімені баяндауға ойысады. Әдеттен тыс, ғажайып оқиғаны айтып отырса да, Ескендірдің іс-әрекетін, сөзін оның өр көкірек, тәкаппар мінезіне орайластырып бейнелейді. Бұл тұстағы автордың Ескендірді мінездеуі:

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?—

дегендей болып келеді.

Ал автордың Ескендірді поэманың кіріспе бөлімінде сипаттауы оқиға желісіне орай айтылған сөздерге қарағанда сынап-шенеу жағы әлде қайда басым, өткір. Мұны Ескендірді «қанішер, қаһарлы хан» деп сипаттауына да,

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,  
Дарияның суындай қандар ақты,—

деген сияқты сөздерінен де анық көруге болады. Әрине, Абайдың Ескендірге берген бұл бағасын оның тарихи көзқарасы деуден гөрі, осы поэмадағы өзіндік көркемдік шешімі деу дұрыс. Ескендір бұрынғы ақындардың, мысалы, Әлишер Науаидың дастанында негізінен жағымды бейне болып сипатталғанын Абай, сөзсіз, жақсы білген. Көтермелеп, асығып айту жағы аз болмағанын ескере отырып, мүлде басқаша баға берген. Абай Ескендірдің жорықтарын нақтылы бейнелеп жатпайды. Патшаның басқа елдерге жасаған шапқыншылығын, оларға өз үстемдігін жүргізбек болғанын моральдық, адамгершілік идеялар тұлғасынан қарап, мансапқорлық, көрсеқызарлық, даңққұмарлық деп бағалайды. Сондықтан да Абайға керегінің өзі де Ескендірдің басқа елге жасаған шапқыншылық жорығын тәптіштеп суреттеу емес, менменсінген қолбасшының бұзып-жарып басып өте алмайтын тосқауылға кез болып, сағы сынып, шегінгені жайлы аңыз-әңгімені кейінгіге өнеге етіп баяндап беру.

Поэманың соңындағы тыңдаушыға қаратып айтылған ғибрат сөзінде мақтансүйгіштікті, тойымсыздықты қатардағы қарапайым адамдарға тән жағымсыз мінез ретінде кең мағынада алып, содан сақтандырып, ар-абройды берік ұстау қажет екенін еске салады. Және осы ойын жалпылама уағыз түрінде емес, бетпе-бет келіп, тіл қатқандай адал сезіммен, айрықша сеніммен айтқандай етіп жеткізеді:

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,

Антұрғаннан құдайым сақтасын деп,  
Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!

Абайдың «Ескендір» атты дастанының төркіні тайға таңба басқандай дәл анық емес. Атышулы қолбасшы Александр Македонский туралы жазба деректер де, лақап-аңыздар да көп. Абайдың соның қайсысын оқығанын, қайсысын пайдаланғанын түгелдеу қиын.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен,—

деп бастауына қарағанда, қазақтың лақап-аңызының үстіне орысша деректерді пайдаланған сияқты. Абай оқыған Дрэпердің «История умственного развития Европы» атты кітабында осы Ескендір, яғни Александр Македонский туралы недәуір мағлұматтар келтіріледі. Дрэпер Александр Македонскийдің жорығын шенейді. Абай да шенейді. Дрэпер: «Этот искатель приключений, осуществляя намерение отца своего, Филиппа, начал свое выступление с крайне ничтожными средствами», деп жазса, Абай: «Филипп патша баласы өр көңілді, мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен» деп сыпаттайды. Дрэпер индуктивтік философияның негізін салған Аристотельді мадақтаса, Абай: «Сол күнде Аристотель жеке дара, ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара!» деп сүйсінеді. Аристотель жайында өзінің ғақлиясында да әңгіме шертеді. Дрэпер Александр Македонский жорығының 34 мың жаяу әскерден, 4 мың атты

әскерден басталғанын баяндаса, Абай оған бармайды. Өлеңде бару қиын да еді. Оның есесіне, Ескендірдің басқыншылығына баға беру жағынан Дрэпермен үндес шығады.

Осындай үндестік, сарындастық, Абайдың ғақлиясынан да ұшырасады. Ежелгі Мысырдың., Үндістанның, Грецияның мәдениетін зерттеп, сол мәдениеттің Европаға жасаған ықпалын анықтаған Дрэпер аталмыш кітабында қоғамдық құрылыстар туралы толғана келіп, адам қоғамдық қарым-қатынастың жемісі деген тұжырым жасайды. Абайдың пікірі де осыған толық орайласады. «Адам баласын заман өсіреді, кім де кім жаман болса, замандасының бәрі «виноват» — дейді ол. Осының ізінше: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», деп ширығады.

Осыдан кейін оның «Ескендірі» ертегі-аңыздан алып жазған «Масғұт» пен «Өзімнің әңгімесінен» анағұрлым биік екені таңданыс тудырмайды. Бұл дастанның Шығысқа мәшһүр «Ескендір-намадан» көшірілмей, Батыс философиясының еңбегінен орайласуының өзі үлкен ғанибет. Дрэперді Абай түп-түгел, топ-толық қайталамайды. Дәйекті деректестікпен, ойшылдық; үндестікпен шектеледі. Дастанның барысында Шығыс поэзиясына тән желіге, баяндауға, нәшке жол береді. Тарихи тұрғыдан қарағанда, бұның бәр меншікті туынды үшін табиғи еді.

«Ескендір» дастаны ғаделетілікті, қанағаттылықты уағыздайды. Дүние жүзін түгел басып алмақ болған Ескендірді (Македонскийді) қатты шенейді.

Өз жұрты аз көрініп көршілерге,

Көз алартып қарады оңды-солды....  
Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,  
Дарияның суындан қандар ақты...  
Қан ішер, қаһарлы қан ашуы көп...

деп, басқыншылыққа көрнеу қарсылық білдіреді.

Бұл дастанда Александр Македонскийдің бір жорығы суреттеледі. Шөлейт түзбен шеру тартып сандалған сансыз сарбаз бір күні бұлақ суына жетеді. Қолбасшысы — Ескендір. Шөлдеген тобыр сусындап, аттарын суарып, бұлақтың басына қарай өрлейді. Өрлеп келе жатып, алтын қақпаға ұшырасады. Бұл асқан алып қақпа еді. Аша алмасына, бұза алмасына көзі жеткен Ескендір қақпаның күзетшісінен сыйлық талап етеді. Бұл, баяғы, «орамал тон болмайды, жол боладының» кері еді. Күзетші түйін түйген орамал береді. Ол түйін адам көзінің сүйегі боп шығады. Бұл Ескендірге: «Сенің көзің тар» деген ащы ишарат еді. Ескендір оны пайымдамай лақтырып жібергенде, жолдасы ақылды Аристотель қағып алады.

Аристотельдің ақылы бойынша, Ескендір таразының бір басына осынау кішкентай сүйекті, екінші басына алтын мен күміс салдырады. Қаншама салдырса да, алтын мен күміс құйттай сүйекті аударма алмайды. Ескендір патша әбден дағдарғанда, таразының жұмбағын Аристотель шешпек болады.

Хакім жерден топырақ алып барды.  
Бір уыстап сүйекке шаша салды.  
Ана басы сылқ, етіп жерге түсіп,  
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір патша бұның себебін сұрағанда, Аристотель пенденің

көзі байлыққа тоймайтынын, өлгенде бір уыс топыраққа қанағат ететінін айтады. Ескендір сұмдық жұмбақты түсінеді де, қолын бастап, еліне қайтады. Кедергі болғай қақпаның қай бұлақтың маңында екенін, ол бұлақтың қай жерде екенін Абай айтпайды. Тарихи деректерден Ескендірдің Орта Азияның жартылай жаулап, Самарқанға жетпей қайтқаны мәлім. «Екі өзеннің елі» аталатын Иракта Ескендір жорығына байланысты жер аты көп. Қазақ аңызында «Ескендір Зұлқарнайын» жалпылама аталады. Осыған қарағанда, Абайдың меншікті дастанының желісіне Шығыс аңызын пайдалануы да мүмкін. Не де болса, Абай «Ескендірді» кездейсоқ жазбаған. Оны өзінің фалсапасына, дүниеге көзқарасына бейімдейді.

Дастанның түйіні Абайдың шынайы сарынымен шешіледі.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күңіңе өзің қарқ, болма бекер.  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Сонымен, аяқталмай қалған «Әзімнің әңгімесін» айтпағанда «Масғұттың» да, «Ескендірдің» де құлаққа жағымды үндестігі, көкейге қонымды сыры бар. Мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік сазы Абайдың байырғы гуманист ақын екенін таныта түседі.

Дегенмен, Абайдың әдеби мұрасында дастандардың орны оның азаматтық толғауларындай, тұла бойыңа даритын сыршыл сазындай, тіпті, «Ғақдиясындай» елеулі емес. Кезінде түрлі себеппен жазылған, көненің көзін көрген дүние ретінде бағалы. Жазушы, ақынның оңжамбасқа дөп келетін әдіскер жанрын табуы оңайға түсе бермейді.

Ағылшын әдебиетінде тарихи романның еселі еңбеккері Вальтер Скотт өзінің әдеби қадамын дастандар жазудан бастаған. Кезінде Байрон менсінбеген, мысқылдаған, қағытқан құлаш-құлаш дастандарды осы күнгі оқушы біле бермейді. Вальтер Скотты тарихи романның теңдессіз тарланы сипатында сыйлайды. Халықтың өзін өзі тануында өткенді ұғынудың мәні зор. Вальтер Скотт дастандарында да, романдарында да өз ұлтының текті төркінін, игі қасиетін паш етеді. Бұнысы дастандарында жадағай-жалаң, романдарында құнарлы, қырлы, қатпарлы шығады. Сөзден сөз, ойдан ой туып жатыр. Қазақ елінің өткенін паш етемін деген кейбір жазушылар күйкі өмірді, кәкір-шүкір түйтпекті шығарма арқауы етіп, санасыз, шығымсыз, сорлы кейіпкерлерді үлгіге тартады. Өткен заманның қапасқараңғылығы саяси-әлеуметтік жағдайдан туғанын, ұлт өкілдерінің жан сұлулығы рухани ұстамдылығы дозақтың отында да өшпейтінін байыптамайды. Абайдың өзі «Көңілім менің қараңғы, бұлбұл ақын» деп күңіренгенде, өмірден күдер үзбей, уанышты домбырадан таппап па еді?! «Он саусақ ішек бойлап жорғаласа, бейістен үн келеді қоңыр салқын» деп күйдің лебін бейістің үніне теңемеп пе еді?! Тарихи романды оқыған адам: «Е, кешегі қазағыңның ұсқыны мынау екен ғой!» деп жиіркенсе, ұлттың тарихына ол таңба болмақ. «Абай жолы» эпопеясының ұлылығы халықтың қасиетін, қазынасын заман қараңғылығымен тұмандатпауда.

Рас, әдебиетте сыршылдық пен шыншылдықтың қатарласып, өмір суретін шағы жиі. Ұлт адамдарының мінез-құлқына, мүддесіне, пиғылына келгенде қара қылды қақ жаратын қазылық керек. От

ауызды, орақ тісті сыншының аяусыз шенейтін нәрселері бар. Осы жағынан келгенде сыншыл реализм, ағылшын әдебиетінен, гөрі француз әдебиетінде күшті. Орыс әдебиетін дүниежүзілік биікке көтерген де осы реализм. Пушкиннен басталған, Гоголь күшейткен сыншыл реализмді Гончаров, Тургенев, Чехов, Толстойлар әр қырынан дамытып әкетеді. Абай осы реализм рухында тәрбиеленеді, қазақ топырағында осы реализмді өркендетеді. Сондықтан да Абайдың кейіпкерлері бір жақты емес, жан-жақты; бір қырлы емес, көп қырлы. Ол белгілі таптың, топтың өкілдерін тоғыстыра екшеп, типтік бейне жасайды. Бұл бейнелер Абай өмір кешкен феодалдық дәуірдің, бір формацияның ауқымында қалып қоймай, келешек замандарға жанды күйінде ауысады. Осының сыры — Абайдың өлмейтін ой, сөнбейтін сезім шындығын, таба білуінде. «Мазмұн» деп уақыт жетістігін айтсақ, техникалық прогресс пен әдебиет бірдей біркелкі өсе бермейді. Әдебиеттің еншісі — болмыс сыры, адам мазмұны, өмір қайшылығы. Формация ауысады, адамдың санасы биіктейді, соның өзінде ой-қиялдың, түйсік-сезімнің «пендешілдігі» сақталады. Осыны сақтаушылар мезгілден, кеңістіктен, тарихи жағдайдан тысқары адам емес. Аяғы аспаннан салбырап түскен періште де емес. Өзіңіз бен өзіміз сияқты жандар. Абай жауыз бен мейірліні, әккі мен аңғалды, жомарт пен сараңды, дана мен данғойды, алғыр мен белімсізді ұлт ішінен табады. Біріне сүйсіне, біріне күйінеді. Жақсыға жаны құмар ақын жаманнан жиренеді. Бір ұрты бал, бір ұрты зәр Абай мақтай да, даттай да біледі. Және қарадүрсіндікке, «сен айтсаң мен де айтайын айым-қайымға» ұғынбай, құлпырған бояу, буынсыз тіл, сиқыр саз арқылы

жеткізеді. Осы сабақтас фактылар мен құбылыстар Абайдың нағыз ұлттық ақын екенін танытады. Ол халықтық мақтаныш, ұлттық гений. Дәріптеуші де, сараптаушы да, шенеуші де осы Абай. Өрісі қысқа өлеңде өлмес дүние жасап кеткен Абайдың профессионалдық поэмаға бармауы өкініш. Сыршыл, шыншыл поэма ішті келмек. Кейіпкерлердің ішкі әлемі бір қырынан емес, қыруар қырынан көрініс беріп, характері қарекет, қақтығыс, толғаныс үстінде ашылмақ. Қоғамдағы орынның өрлеу мен құлдыраудың диалектикасы сорғалаған поэзия тілінде түсіндірілмек. Лирикалық шегініс сұлу саз шығарма өрнегіндегі компоненттерді толықтыруға, ақындық концепсияны мүсіндеуге қызмет етпек. Поэма — поэзияның кең жайлауы. Кейіпкерлерді қалай жарыстырамын, қалай қақтығыстырамын десе, автордың еркі. Құр баяндауды, қарекетті іштей ашпай, сырттан суреттеуді, желі селкеулігін, сөз солғындығын поэма көтермейді. Мағыналы нағыз жолдар түйдек-түйдек шумақтарға ұласып, переходтар көркемдік логикаға саяды. Қауқарсыз қарасөз, тереңсіз түсіндірме поэманың құнын түсіреді. Қазақ топырағында поэманың қол жетпес үлгісі Ілияс Жансүгіровтің «Күйшісі». Оның «Күйінде» профессионалдық поэмаға түгелдей жатады; дастанның қайсыбір сарыны, кейбір нышаны тарихи себептермен түсіндіріледі. Оның «Даласы» поэма емес, дастан үлгісінде жазылған толғау. «Гималай» да осыған жуықтайды. Қасым Аманжоловтың «Абдолласы», фольклорлық некен-саяқ атрибутты кешірсек, мәдениетті, сұлу поэма санатына қосылады.

Абайдың ақындық мұрасын тексергенде, одан асып түскен поэмалардың болуы табиғи. Ал, бірақ Абай лирикасынан озған өлең

қазақта жоқ. Келешекте болса, ол ырыс нұры. Осы шындықты түсінбейтін кейбіреулер «қазақ поэзиясы мазмұн жағынан Абайдан озық, мазмұн жағынан кенже» деген пікірді айтады. Бұндай қарадүрсіндік эстетиканың табиғатына жат. Әдебиетте,оның ішінде поэзияда мазмұн мен түрді жіктеуге болмайды. Поэзияның өзі өмір шындығынан туған дербес дүние емес пе?!

### III ТАРАУ

#### «Ескендір» поэмасын орта мектепте оқыту әдістемесі туралы

Абай өз поэмаларында өзі ұстаз тұтынған Шығыс классиктерінің назирагөйлік дәстүрін творчестволық жолмен шебер қолданған сияқты, өзінің қарасөздерінде Шығыстық «намелердің» жанрлық, стильдік ерекшеліктерін өнерпаздық тұрғыдан пайдалана отырып, қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды болмаған өзіндік ерекшелігі бар жаңа бір тума жанрлық түр мен стильдік ерекшелікті ендірді.

Х. Сүйіншәлиев ұлы ақынның әдеби мұрасының шығыстық белгісі молырақ жағы оның қарасөздері мен поэмаларын арнайы сөз етсе де, бұлардың мазмұн, түр, стильдік ерекшелігін тереңірек зерттеп, тиісті деректерді талдай отырып қорытындыға келмей, ешбір деректерге, дәлелдерге сүйенбей жалаң тұжырым жасағаны байқалып тұр. Бұл кемшілік, әсіресе, зерттеушінің Абай дастандары туралы пікіріне де ашық көрініс берген. Зерттеуші Абай поэмалары туралы ой қорытқанда «Абайдың поэмалары өзінің мазмұн жаңалығымен де, стиль ерекшелігімен де көзге түседі. Бұл поэмаларды қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан жыр, толғау, аңыздармен де, шығыстық қисса дастандармен де салыстыруға болмайды.

Абай поэмаларының бұл ерекшеліктері сөзсіз орыс әдебиетінің әсері. Ақын түр іздеу жолындағы табысы болды дерлік, кезіндегі қазақ әдебиетінде тосын бір жаңалық.

Көлемді зерттеу еңбегінде айтылып отырған осы пікір ешбір дәлелге, деректерге нақтылы талдауларға сүйенбей жалаң айтылған пікірі екені анық көрініп тұр. Өйткені орыс әдебиетінің Абайға ықпал еткені талассыз, бірақ өзінің өлендерінде жеткен биік көркемдік шеберлікке Абай поэмаларында жете алмағаны да мәлім. Осы себептен де Абай мұрасының білгірі М. Әуезов «Поэманың кейбір ұйқастары, кейбір кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайды»,— десе, тіпті Қ. Мұхаметханов: «Ескендірден» басқа поэмалар Абайдікі емес» деген пікір айтады.

Ал Абай поэмаларының ерекшелігі туралы тағы да М. Әуезов: «Абай поэмасының негізі Шығыстан алынған... Бұл жөнінде ол белгілі дәрежеде Шығыс әдебиетінде жүрген тұрақты бір дәстүрге соғады» деп таниды. Осы тәріздес пікірді академик М. С. Сильченко да қолдайды. Бұл пікірін М. Әуезов белгілі деректер көзімен нақтылы фактілерге сүйене отырып дәлелдеген. Бұл айтылған ой-пікірлердің бәрі де Х. Сүйіншәлиевтің Абай дастандарын Шығыс әдебиеті ықпалынан орынсыз дәлелсіз алып қашуының негізсіз екендігін көрсетеді. Абай қарасөздері мен поэмаларының түрі, стилі, олардың Шығыстық рухани қазына көздеріне қарым-қатысы «Абайдың қарасөздері» деген еңбегінде жасалған басты тұжырымның шындықтан шалғай, жаңылыс қадам жасағаны көрініп тұр. Автор еңбегінде бұл іспеттес елеулі олқылыққа жол берілуінің себебі зерттеп отырған нысанасының болмысына терең бойлап нақтылы тарихи дерек мағлұматтарға қол артпауында жатыр. Бұл іспеттес ортақ олқылықтың жалпы қазақ әдебиеті тарихын зерттеу ісінде орын тепкен кемшін жайлар екенін 1959 жылғы қазақ әдебиетінің ғылыми-теориялық конференциясы; «Бір елеулі кемшілік әдебиеттану

еңбектерінде ғылыми аппараттың жеткіліксіздігі мен ғылыми адалдықтың кемдігі. Әрбір ғылыми еңбек, егер ол жаңа, соны пікір айтуға талаптанса, алдымен белгілі фактіге, документке, дәлелге сүйенеді»,— деп өте орынды атап өткен еді. Х. Сүйіншәлиевтің Абайдың поэмалары туралы зерттеуінің де басты кемшілігі де осы іспеттес олқылық болып отыр.

### **Сабақтың тақырыбы: «Ескендір» поэмасы**

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың ұлы Абайдың шығармашылығы бойынша білімдерін кеңейте түсу.

### **Сабақтың міндеттері**

**Білімділігі:** Поэманың мазмұнын меңгерту, оқиға желісімен таныстыру.

**Дамытушылығы:** Поэманың композициялық құрылымын ажырату үшін жоспар құра білуге үйрету.

**Тәрбиелік:** әділдікке, қамқорлыққа, шындықты тартынбай айта білуге, ынтымаққа тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** жаңа ұғымды меңгерту.

**Сабақтың түрі:** білім-дағдыны қалыптастыру, қызығушылықты ояту.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, сынақ, шығармашылық жұмыс, тест сұрақтары.

**Сабақтың көрнекілігі:** слайдтар, кеспе карточкалар, схема-таблицаалар, кестелер.

### **Сабақтың барысы**

**I. Ұйымдастыру:** 1) оқушыларды тексеру; 2) сынып бөлмесінің сабаққа даярлығы.

## **II. Үй тапсырмасын сұрау:**

- 1) Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы сұралады.
- 2) Бұрын Абайдың қандай өлеңдерін сыныпта өткендігі, Абай шығармашылығы бойынша жинақталған материалдарды саралау.

## **III. Жаңа сабақ:**

Абайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша оқылған үзінділер, жатталған өлеңдері еске түсіріледі. Ақынның осы сыныпта оқытылатын шығармасы «Ескендір» поэмасы хабарландырылады.

Жазба әдебиетіміздің атасы ұлы Абайдың шығармашылығына қызығушылығы бар оқушылар поэманы ертерек оқиды. Поэма көлемді, сондықтан оқушының есте сақтауына ыңғайлы әрі оқиға сюжетін байланыстыра суреттеуде жоспардың мәні ерекше.

Поэманың алғашқы оқиғалық желісіне сыныпта жоспар құрылып, оқушы үйде осы жұмыс түрін жалғастырады.

### **«Топтастыру стратегиясы» бойынша поэманың тәрбиелік мәнін ашу.**

- 1) Алған сайын көңілі бір тоймады...  
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

деген өлең қатарларынан Ескендірге қандай баға беруге болады?

- 2) Аристотельдің «жемiт көздің» араны үлкен екенiн, дүниеге тоймайтынын айта келiп:

Қанша тiрi жүрсе де өлген күнi

Өзге көзбен бiрдей-ақ болады екен,—

дегенi — Ескендiрдiң көзiнiң емес, өзiнiң қанағатсыздығын құлқынқұмар мансапқорлығын түйрей сынағаны сiздерге қандай әсер еттi?

- 3) Поэманың идеялық мазмұны туралы не айтар алар едiңiз?

Сабақта поэманың мазмұнын, оқиғасын толық игеру қажет. Поэманың композициялық құрылысы бойынша байланысы Ескендірдің ел шапқыштығы, шарықтау шегі – көз сүйегі, шешуі – дүние жүзін жаулап алуды ойлаған Ескендірдің райдан қайтуы.

Образ үш түрлі;

1. Ескендір

2. Аристотель

3. Мифологиялық образдар (табиғат экзотикасы, жұмбақ бұлақ, алтын қақпа, күзетші, орамалға түйілген көз сүйегі)

Ескендірге ойшыл, ақыл иесі Аристотель де, символдық шартты образдар да қарсы қойылған. Сол образдарға мінездеме беріледі.

«Ескендір» - дидактикалық поэма. Сюжеті ертегіден алынған. Бірақ сол арқылы айтайын деген ой жаңа. Мұны поэманың соңындағы лирикалық шегіністен көреміз. Бұл – идеялық түйін, соны оқытамыз.

Поэманың өлшеуі, ұйқасы, тілі, әсіресе баяндау тәсілі, ондағы диалог элементінің қызметі анықталады. Табиғат суреті, кейбір оқшау көріністер талданады.

**Ой толғаныс:** Менің поэманы оқу барысында алған әсерім.

**Үйге тапсырма:** 1) Поэманың мазмұнын айту.

2) Аристотельдің көрегендік әрекеттерін поэмадан үзіндісінен тауып оқу.

3) Ескендір мен Аристотельге мінездеме беру.

**Қорыту:** Жазба әдебиетіміздің атасы ұлы Абайдың өзге де еңбектері туралы айтылып қорытылады.

## Қорытынды

Қазақ халқының тұтас бір дәуіріндегі ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңы іспетті кемеңгер Абай Құнанбаев – өз ұлтының реалистік, гуманистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезеңінің ең басты мәселелерін дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын.

Абай шығармашылығы туралы қаншама зерттелініп, қаншама ғылыми пікір айтылса да ұшы-қиыры жоқ ұшан теңіз сияқты сарқылмайтын мол қазына екені баршамызға мәлім.

Ұлы ақынның әдеби мұрасын зерттеу барысында оның дәстүрлі шығыс үлгісімен жазылған поэмаларын қарастыру біздің бітіру мамандық жұмысымыздың негізгі нысанасы болды.

Поэма жанрына жататын, яғни, өлеңмен айтылатын, баяндалатын лиро-эпостық шығармалардың түрлері сан-алуан. Батырлық жырлар, халықтық дастандар, көлемді сюжетсіз толғау жырлар — бұлар поэманың қазақ поэзиясында ертеден ең көп тараған, бел алған үлгілері. Абайдың поэмалары деп аталып жүрген «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» — ертегі-аңызға құрылған шығармалар. Бұларға қоса Абай Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескеріп, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмаған-ау деп жобаласақ та, бұл екеуі де, «Әзім әңгімесі» поэмасы

да толық бізге жетпегендіктен немесе, жазылып бітпегендіктен нақтылы байлам жасау қиынға соғады. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ олардың өзгешелігі, өзіндік сипаты неде десек, алдымен көңіл қоярлық нәрсе — айтушының, автордың бейнесі баяндалған оқиғадан, сюжеттен бөлектеніп, басқа тұрғыдан көрінетіні дер едік. Бұл поэмаларда сол кездегі заман шындығы тікелей көрінбей, ескі аңыз әңгіме арқылы көрініс берсе де, сол аңыз оқиғаға айтушының, автордың беретін бағасы, оның адамгершілік, ағартушылық идеялары арқылы танылады. Сондықтан Абайдың лирикалық өлеңдерінде насихатталған озат ой-пікірлерімен поэмаларының идеясы үндес шығып жататыны да кездейсоқ нәрсе емес. Біз бұны ақын поэмаларын зерттеу барысында байқадық.

Сондай-ақ, «Ескендір» поэмасы Абай поэмаларының ішіндегі шоқтығы биік шыңы екенін салыстырмалы түрде байқадық. «Ескендір» поэмасының ертегі-аңыздан алып жазған болса да «Масғұт» пен «Өзім әңгімесінен» анағұрлым биік екені таңданыс тудырмайды.

«Ескендір» поэмасының тәрбиелік мәні де зор. Абай өз кезіндегі адамдардың мінез-құлқын түзеу мақсатымен, оларды патша Ескендірдің оспадар қылықтарынан, қылмысты істерінен жирендіріп, саналы адамгершілікке баулиды. «Ескендірдің» ерекшелігіне келсек, мұның өзі онша көлемді де, күрделі де поэма емес: сюжеті шағын, оқиғасы аз, бәрі бір кішкене ғана арнаның бойында жатыр; оқиғаға қатысатын негізгі аты мәлім кейіпкерлер де екеу-ақ. Осыған қарағанда, поэмаға арқау болған шындық сол кездің тұрмыс-тіршілігінен туған іргелі мәселенің өзі емес, бір ғана бұтағы тәрізді.

Бұл дастанның Шығысқа мәшһүр «Ескендір-намадан» көшірілмей, Батыс философиясының еңбегінен орайласуының өзі үлкен ғанибет. Поэмада жарқын суреттер мен қажетті баяндаулар, диалог пен лирикалық шегініс орынды пайдаланылады. Бұл - Абайдың шағын поэма жасауға шеберлігін танытады.

Жалпы поэмаларының өн бойында бой көрсетіп отыратын мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік сазы Абайдың байырғы гуманист ақын екенін таныта түскендей әсер береді.

Біз бітіру мамандық жұмысымыздың басты тақырыбы етіп алып отырған Абай поэмалары туралы жан-жақты зерттеу жасағанда ең бастысы ақын шығармаларының нәр алған саласының бірі шығыс әдебиетінің ықпалы оның тек өлең-жырларында ғана емес, ал поэмаларында да бар екені бірден көзге түсті.

Абай бірінші, өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің бай қазынасынан, екінші Таяу Шығыстың орта ғасырда жасаған алыптары мұраларынан, үшінші, батыс әдебиеті классиктерінің еңбектерінен сусындаған тарлан талант. Осы пікір ақынның поэмаларына да толыққанды қатысты. Мұны біз жұмысымыздың негізгі бөлімінде сез еттік. Әсіресе ақынның шығыс әдебиетінің ықпал әсерімен жазылған поэмаларын жеке-жеке бөдімдерге бөліп қарастырдық

Әрине, Абай - қазақ әдебиеті тарихында шындықты жан-жақты көркем суреттей білген суреткер ақын. Оның шығармаларында өз тұсындағы қазақ қоғамының қайшылықты шындығы терең және көркем бейне табады. Ол қоғаммен бірге замандастарының алауыз берекесіздігін, Ресей патшалығының отаршыл саясатын, оны қоздырушы рулық

тартыстардың ел бірлігіне келтірген зияндығын қатты сынап, халықты қараңғылықтан жарыққа сүйреді, оқу-өнер жолына ұмтылуға шақырды. Оның өлеңдері «қиыннан қиысып», «айналасы жұп-жұмыр тегістігімен» ойға, сезімге құйылып ұялайды. Жаңа ой, мазмұнға лайық өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әралуан түрлері, көркем ұйқас, ішкі үйлесім қазақ өлеңін биікке көтерді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды.

Сайып келгенде осындай бір халықтың көркем әдебиетіне бетбұрыс жасаған кемеңгер Абай шығармалары оның қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар классик ақын екендігін дәлелдейтін аса қымбат мұра. Содықтан да, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың Абайды «қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атауы жайдан жай емес.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. И.А.Каримов «Жоғары руханият – жеңілмес күш», Ташкент «Маънавият»-2008 ж.
2. Абай «Қалың елім қазағым» Алматы «Атамұра» -2002
3. Ахметов З. «Абайдың ақындық әлемі», Алматы-1995 ж.
4. Әуезов М. «Толық жинағы», 50 том, Алматы-2007 ж.
5. Әлімқұлов Т., «Жұмбақ жан», Алматы- 1978 ж.
6. Бөжеев М., «Абайдың ақындық айналасы» А-1971 ж.
7. Кәкішев Т. «Оңаша отау», Алматы – 1982 ж.
8. Қирабаев С. «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», Алматы - 1995ж.
9. Қабдолов З. «Әдебиет теориясы», Алматы - 2007 ж.
10. Мырзахметов М., «Абайтану тарихы», Алматы-1994ж.
11. Мырзахметов М., «Абайдың адамгершілік мұраттары», А-1993ж.
12. Мырзахметов М., «Абайдың негізгі мәселелері», Алматы-1995 ж.
13. Омаров Д., «Абайтану курсы», Алматы,1998 ж.
14. Сүнішәлиев Х., «Қазақ әдебиеті тарихы», Алматы - 1986 ж.
15. Сүнішәлиев Х., «Қазақ әдебиеті тарихы», Алматы - 2006 ж.
16. Ысмағұлов Ж., «Абайдың ақындық тағлымы», Алматы-1994 ж.
17. CD «Абай Құнанбаев 1845-1904» Алматы 2001 ж.

Алишер Науаидың Ескендір қорғаны дастаны мен Абайдың Ескендір  
поэмасы

Нәпсіқұмарлық, қомағайлық қатыгездік, әділдік пен әділетсіздік,